

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қараша айы 2022жыл 1 апта

Білім беру ұйымы: №15 «Әлия» бөбекжайы

Топ: №5 «Айгөлек» ересек тобы

Балалардың жасы: 4

Жоспардың құрылу кезеңі: 31.10-04.11.2022

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу.	Достық эстафетасы арқылы қарсы алу	Балаларды қоңыраумен қарсы алу. Сылдыратып қоңырауын соғып кіріп, келесі балаға береді	Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б)	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Ата-аналармен қарым – қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын танертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,	Табиғат құбылыстарын ата Мақсаты: Табиғатта болатын өзгерістерді, олардың жыл мезгілдерін сипаттайтын басты	Қарама-қарсы сөзді тап Ащы- тәтті Жаксы- жаман Қара – ақ Күн – түн	Ұшты-ұшты. Мақсаты: Балаларды аңғарпаздыққа, тапқырлыққа тәрбиелейді. Ойын барысы: Ойын	Тасымак. Бұл ойында 2 жерге ыдаска су құйып қояды, сол суды қарсы бетке құйылған бос кесеге қасықтап екі	«Жүргізушілер. Гараж. сюжетті ролді ойыны Мақсаты: Балаларды ойналатын

кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	ерекшеліктерді түсіндіру.	Қыс – жаз Жұмсақ – қатты Биік – аласа Тар – кең Жер – аспан Үлкен – кіші Кең – тар Жоғары – төмен Асты – үсті Дос- қас	бастаушы ұша алатын затты атап, ұшты деп қолын көтереді, сонда бәрі тез қолдарын көтеріп ұшты-ұшты деп қолдарын көтеріп қалықтап тұрады. Ал ұшалмайтын затты атап «ұшты»деп қолды көтергенде, онда сендер «ұшпайсындар». Ал егер ұша алмайтын затты атағанда «ұшып кеткен» ойнаушы айып тартады.	адам тасынды.Бұнда команда құрып ойынайды,әр командада үш адамнан болады.Ойынның шарты: су таситын адам суды төкпей-шашпай,тез тасуы керек,қай команда жеңіске жетсе,жүлдеге сол не болады.	ойынның кезеңдерін алдын ала жоспарлауға, берілген ойынға қажетті заттарды табуға, алуан түрлі алмастырушы-заттарды қолдануға үйрету.
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені № 5 (Құралсыз) (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Сапқа тұру, жүру, жүгіру, жалпы дамытушы және тыныс алу жаттығулары.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сұрту және орамалды орнына ілу, көркем сөз қолдану мысалы. Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру,тамақ ішкенде сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. үшін жиналады. Балалар педагогке ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен әрекет, кезекшілік).				
Мектепке дейінгі	Музыка	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру

ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сөйлеуді дамыту «Көліктер» Көлік жайлы білімдерін қалыптастыру, аттарын, түрлерін ажыратуға үйрету. Көркем әдебиет Көліктер туралы өлең жаттау Математика Ойыншық көліктерді санау, салыстыру Қоршаған орта Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Сурет, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру Көліктің суретін салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру	Математика негіздері «Біреу-көп» Максаты: Балаларға «біреу, көп» мағынасын түсіндіру. Тапсырмаларды орындау, ойлау қабілеттерін дамыту. Сөйлеуді дамыту Көркем әдебиет «Отбасы» Саусақ ойындары арқылы отбасы мүшелері туралы түсінік беру Сурет, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру Отбасы мүшелерінің суретін салу, мүсіндеу	Сөйлеуді дамыту «Менің сүйікті ойыншығым» Максаты: Ойыншықтардың суретіне қарап әңгіме құрастыра білуге, «д», «т» дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету, тілдерін дамыту; ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу. Көркем әдебиет «Ойыншық» туралы өлең оқу Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру Қалаған ойыншығының суретін салу, мүсіндеу, жапсыру	«Көшедегі үйлер» Максаты: Балаларға жалпы үйлер туралы түсінік беру. Қоршаған ортамен таныстыру Көшедегі үйлерді әр түрлі фигуралардан қиып жапсыруға дағдыландыру. Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу Математика «Биік-аласа» Көшедегі үйлерді салыстыру	«Менің досым» Максаты: Дос туралы түсінік беру. Досы туралы әңгімелеуге үйрету. Сөйлеуді дамыту Көркем әдебиет «Дос» туралы өлең оқып беру Сурет салу Досының суретін салу өз қалауынша
Серуенге дайындық	Серуенге ойын құралдарын дайындау. Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын тудызу, балалармен жеке әңгімелесу. Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты). Ауа –рай құбылыстары жайлы әңгіме жүргізу.				

Серуен	№ 1	№ 2	№ 3	№ 4	№ 5
	Бақылау: Жаңбырды бақылау. Мақсаты: Жаңбырды бақылай отырып, оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру. Мысалы: Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр. Еңбек: Ағаш түптерін копсыту. Мақсаты: Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау. Жеке жұмыс: Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйғандай Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр) Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру. Ойын: «Айгөлек-ау айгөлек». Мақсаты: Балаларды	Бақылау: Бұлтты бақылау. Мақсаты: Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін: шарпы, будак, қабатты бұлттарды ажырату. Еңбек: Ауладағы гүлдерді суару. Мақсаты: Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау. Ойлау қабілетін арттыру. Ойын: «Кімге қандай құрал керек?» Мақсаты: Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу	Бақылау: Жылы жакқа қайтқан тырналарды бақылау. Мақсаты: Күзде тырналардың жылы жакқа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру. Еңбек: Құстарға жем сауыт жасау. Мақсаты: Құстарға қамқорлық қарауға, аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Сап-сары боп келе жатқан Сезді мекен күзді олар Қарлығаштар ұшып кетті, Ұшып кетті тырналар. Мақсаты: Балалардың сөздік қорларын молайтып, тілдің грамматикасы дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру.	Бақылау: Желді бақылау. Мақсаты: Желдің түрлерімен таныстыру: салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел. Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру. Еңбек: «Әдемі гүлдер» Мақсаты: Гүлзардағы гүлдерді суару. Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту. Жеке жұмыс: Такпақ. «Жел» Мақсаты: Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ыргағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу. Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зу-зу-зу Қатты-қатты жел	Бақылау: Көшедегі машиналарды бақылау. Мақсаты: Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау. Олардың түрлерімен таныстыру. Машина адам үшін, уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру. Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін дұрыс сақтап жүруге үйрету. Еңбек: Ағаш түптерін копсыту, су құю. Мақсаты: Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету. Жеке жұмыс: «Алтын күз» тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу Мақсаты: Балаларды сурет бойынша әңгіме

ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Қимылдық ойын: «Сұр қоян». Ойын барысы: Ойыншылардың біреуі қоян болады. Барлық қалған балалар дөнгеленіп тұрады. Қоян дөңгелектің ортасынан орын алады. Балалар тәрбиешімен бірге мынадай өлең айтады: Бармақ болып тоғайға сұр көжек, Жуынып жатыр бүтжеңдеп: Тұмсығын жуды, Құйрығын жуды, Құлағына жуды-түртінді, Құп-құрғақ боп сүртінді. Қоян өзіне байланысты қимылдардың бәрін жасайды: тұмсығын, құйрығын, құлағын жуады, бәрін сүртеді. Қос аяқтап кіріп, дөнгеленіп тұрғандардың біреуіне жақындай береді (қонакқа келе жатыр). Ол бала қоянмен ауысқанда ойын аяқталады. Балалардың өз бетімен	мақсатында ойнату. Шапшаңдыққа баулу. Қимылдық ойын: «Соқыр теке». Ойын барысы: Соқыр теке кең бөлмеде, аулада ойнауға болатын қызықты ойын. Шеңбер сызылып, оның ортасына көзі байланған «соқыр теке» жіберіледі. Қалғандары оны «соқыр теке бақ-бақ», - деп мазақтап түртіп қашады. Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуі тиіс. Егер соқыр теке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын айтады. Дәл тапса ұсталған адамның көзі байланып «соқыр теке» болады. Дербес ойындар	Дидактикалық ойын: «Күзде не киеміз?» Мақсаты: Күз мезгіліне байланысты адамдардың киім кию үлгісін көрсете түсіндіру. Қимылдық ойын: «Аттамақ». Мақсаты: Денені шынықтыру, шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Ойын барысы: Бұл ойында үш жіпті керіп ұстап тұрады. Біріншісі- төмен, оны аттап өту керек, екінші- биік, оны еңкейіп, үшіншісі- інінен тағы да аттап өту керек. Әуелі ойыншыны алып келіп, осы жіптерден өткізіп, содан соң көзін байлап, бір айналдырып қоя беру керек. Ойын басқарушының белгісімен жіпті керіп ұстап тұрған адамдар жіпті жинап, алады, ал ойыншы өзінше	соқтығу-ғу-ғу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. Қимылдық ойын: «Айгөлек-ау, айгөлек». Мақсаты: Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. Шапшаңдыққа баулу. Қимылдық ойын: «Орамал тастау». Ойын барысы: Орамал тастау ойыны қатысушылар араласа шеңбер құрып отырады. Ойын бастаушының қолындағы орамал шиыршықталған, ұруға ыңғайлы болады. Ойнаушылар ән немесе әңгіме айтып отырғанда бастаушы оларды сырттарынан айналып, біреуді белгілеп, оның артына қолындағы орамалды тастап кетеді. Егер қайта айналып	құрауға дағдыландыру; тілдің грамматикалық құралуын одан әрі дамыту және сөздік қоры молайту. Қимылдық ойын: «Ақ қояным» Мақсаты: Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру. Қимылдық ойын: «Ұшты-ұшты» Ойын барысы: «Осы кезде ұшты-ұшты қазан ұшты, ұшты-ұшты қабан ұшты», - дейді. Осы кезде ұшпайтын нәрсесеге қолын көтерген кісі айыпты болып есептеледі. Ұшатын және ұшпайтын нәрселер жұртты жанылту мақсатында әдейі арба- қарға, үйрек- бүйрек, кептер- кепсер, көже-
--	---	--	---	---

	ойнауы		әрекеттеніп аттап жүреді.	келгенде әлгі адам өзінің сырт жағында қалған орамалды байқамаса, басқа қатысушы оны орамалмен ұрғылайды. Ал, егер отырған адам өзінің сыртына орамал түскенін байқаса, бастаушыны қууға тиіс. Ойыншыдан қашып жүрген бастаушы босап қалған орынға келіп отырады. Дербес ойындар:	шоже, іркіт-бүркіт болып айтылады. Есек ұшты, есік ұшты, етік ұшты, бесік ұшты деп ұзақ айтылып келіп, шөмеле ұшты, бөдене ұшты деп жаңылыстыруға болады. Дербес ойындар:
Серуеннен оралу	Балаларға киімге ұқыпты қарау керектігі жайлы әңгіме жүргізу. «Ұқыпты бала» әңгімесі	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру.	Серуеннен келгеннен кейін киімдерін ұқыпты ілуді қадағалау.	Серуеннен ішке қатармен, саппен жүруді үйрету.	Балалардың ұйымшылықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.
Түскі ас	Астарың дәмді болсын! Ас уақытында балаларға тамақты таусып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. Ойын- жаттығу: Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жаса	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау	«Сандар» әнін тыңдату.

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын жинауға әркет жасауын үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Бір- біріне келергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.	Балалардың назарын тағамға аудару.	Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.	«Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету.	Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.
Балалармен жеке жұмыс	Саусақ жаттығуы: «Қоңырау» Сыңғырлайды қоңырау, Сыңғыр-сыңғыр етеді. Мақсаты: Ұсақ кол моторикасын дамыту. Әділхан, Инабат	Көркем әдебиет «Менің ойыншықтарым» М.Әлімбаев Өлең жолдарын түсіне отырып, жаттау қабілеттерін жетілдіру. Ойыншықтарды атай отырып сипаттауға, сурет бойынша 2-3 сөзден тұратын қысқа әңгіме құрастыра білуге үйрету. Рахман, Гаухар	Саусақ жаттығуы: «Қоянның құлағы» Ұзын құлақ сұр қоян, Естіп қалып сыбдырды Ойлы-қырлы жерлермен Ытқып-ытқып жүгірді. Мақсаты: Ұсақ кол моторикасын дамыту. Бекнұр, Зере	Сөйлеуді дамыту «Екі дос» (өлең) Қадыр Мырза Әли Мақсаты: Құрдастарымен қарым-қатынас жасау ережелерін сақтауға үйрету, ойында және қарым-қатынаста сыпайылық көрсете алуға көмектесу, өзара сыйластыққа тәрбиелеу. Азиз, Жасмин	Саусақ ойыны: Саусағымда сакина Санап көрші кәнеки 1,2,3 Бір, екі үш Демалайық жинап күш. Айжан, Дархан
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау. Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру. Құмнан түрлі құрылыстарды құрастыру үшін формаларды дайындау.				

	Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту тақырыбына жеке әңгімелер өткізу.				
Серуен	№ 1	№ 2	№ 3	№ 4	№ 5
Серуеннен оралу	Балалардың киімін ретімен шешу, дербес және ойын әрекеті				
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				

МКҚК әдіскері:

У.Г.Нурмухамметова

«18» 10» 2022 жыл